

#3

(939)

17-24 наурыз

2023 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТ



ISSN 2074-899X



9 772074 899002

@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

ТӨРЛЕТ,

ӘЗ НАУРЫЗ!



▼ BRENT \$78.45

▼ USD 464 T

▼ EUR 499 T

▼ RUB 6 T

ПРЕЗИДЕНТ СВЗИ

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІҢ, МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР БАСШЫЛАРЫНЫҢ, ОБЛЫСТАР МЕН АСТАНА, АЛМАТЫ, ШЫМКЕНТ ҚАЛАЛАРЫ ӘКІМДЕРІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН КЕҢЕС ӨТКІЗІП, БАСТЫ МІНДЕТТЕРДІ ТАҒЫ БІР ПЫСЫҚТАДЫ.

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ:**БІЗ ТҰРАҚСЫЗДЫҚҚА АПАРАТЫН ӘРЕКЕТТЕРГЕ ЖОЛ БЕРМЕЙМІЗ**

Фото: akorda.kz

* Еліміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Бір жылдың ішінде ауқымды реформаларды жүзеге асырдық. Билік жүйесін жаңа талапқа сай жаңғырту үшін бірнеше саяси науқан өткіздік. Маңызды мәселелерді талқылау үшін Ұлттық құрылтайды құрдық. Мемлекеттігіміздің тұғырын және ел бірлігін нығайтатын жаңа идеологиялық тұжырымдар ұсындық.

* Этносаралық келісімді нығайту – еліміздің тұрақты дамуының негізі. Бұл маңызды міндетті жүзеге асыру үшін орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті билік, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы мен жалпы азаматтық қоғам күш біріктіруі қажет.

* Халқымыздың дүниетанымына сай дәстүрлі исламды дәріптеу аса маңызды. Оның ғылыми-теориялық негізін дамыту қажет. Өскелең ұрпақтың рухани тәрбиесін назардан тыс қалдыруға болмайды. Шын мәнінде, бұл – өте маңызды мәселе. Оны бетімен жіберсек, ұлттық салт-санамыздан айырылып қалуымыз мүмкін. Әкімдерге құзырлы органдармен бірлесіп, дін саласындағы жұмысты жандандыруды тапсырамын.

* Біз тұрақсыздыққа апаратын әрекеттерге жол бермейміз. Мұндай заңсыз әрекеттердің алдын алу қажет. Елге іріткі салып, қоғамдық тәртіпті бұзуға шақырған адамдар қатаң жазаланады. Арандатуға қарсы күрес заң аясында, жедел әрі жүйелі түрде жүргізілуі керек. Тиісті заңдарымыз бар, оларды қатаң сақтауымыз керек. Әйтпесе әрекетсіздіктің салдары еліміз үшін өте қауіпті болуы мүмкін. Мен бірнеше рет айтқанымдай, бізге, ең алдымен, заң үстемдігі аса қажет. Заң сақталса және азаматтық жауапкершілік жоғары болса, қоғамда тәртіп болады. Тұрақтылық бар жерде ғана даму, өркендеу болады. Ел бірлігі – реформаларды табысты жүзеге асырудың басты кепілі. Сондықтан ырысты ынтымақпен білек сыбана жұмыс істеуіміз қажет.

* Біздің болашағымыз – айқын, нақты жоспарымыз бар. Мәжіліс және мәслихаттар сайлауы – билік институттарын жаңарту жұмысының қорытынды кезеңі. Осылайша, билік жан-жақты реформаларды жалғастыру үшін жаңа сенім мандатына ие болады. Елімізді дамыту жолында тың бастамалар көтеріп, оны табысты жүзеге асыру – басты міндет. Қазір жетістікке мәз болып отыратын заман емес. Жұмысты тың қарқынмен жалғастыру керек.

* Соңғы кезде бір аймақта ғана белгілі адамдарға ескерткіш орнату сәнге айналды. Жергілікті ономастика комиссиялары бұған жол бермеуі тиіс. Орынсыз шешімдерге Республикалық комиссия тосқауыл қоюы керек. Әркім өз бабасына ескерткіш қоя берсе, елде рушылдық, жершілдік белең алады. Кеңестік кезең қайраткерлеріне, соның ішінде жаппай қуғын-сүргінге тікелей қатысы бар адамдарға ескерткіш, бюст орнату ісі әлі жалғасып келеді. Өмірде болмаған ерлік істерге толы өмірбаяндар ойдан құрастырылып жатыр. Олар туралы деректер архив құжаттарында нақтыланбаған немесе мүлде жоқ. Кейбір белсенді топтар кеңестік кезеңдегі партия және мемлекет қайраткерлерінің аңызға бергісіз өмірбаяндарына сенуге мәжбүрлеп жүр.

МЕНИҢ ПІКІРІМ

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ПЕН АДАМНЫҢ ОЙ-СНАСЫН АЛДАП-АРБАЙТЫН ӨТІРІК ХАБАРҒА ТОСҚАУЫЛ ҚОЮ ҚОҒАМДА ТҰРАТЫЛЫҚТЫ БАЯНДЫ ЕТУДІҢ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТІНЕ АЙНАЛДЫ. JAS QAZAQ-ТЫҢ «МЕНИҢ ПІКІРІМ» АЙДАРЫ БАҚ МАЙТАЛМАНДАРЫНЫҢ ОСЫ ТАҚЫРЫПҚА ҚАТЫСТЫ ОЙ-ПІКІРІН ҰСЫНАДЫ.



улау, адам бойында алаңдаушылық сезімін туғызу. Зерттеушілердің мәліметтеріне сүйенсек, аудиторияның 90 пайызы фейк-ақпаратты шынайы ақпараттан ажырата алмайды екен. Кейбір фейк-ақпараттар аса қауіпті болмаса да манипуляция мен адамдардың денсаулығына әсер етуді көздейді.

Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ, Сенат депутаты, тәжірибелі журналист, Қазақстан бас редакторлар клубының президенті:

ЖАЛҒАН АҚПАРАТ — ҚАТЕРЛІ ҚАРУ

«Бүгінгідей сандық технологияның жылдам дамуының арқасында ақпарат – әр күн сайын саны жағынан екі есе артып келе жатқан жалғыз өнім. Ақпараттарды әр түрлі платформаларда таратудың көз ілеспес жылдамдығы – біздің цифрлық қоғамның тағы да бір ерекшелігі. Ақпаратты жазу, өңдеу және оны тарату арналарының көп болуы қоғамдық пікірді, жалпы мінез-құлықтың ортақ стереотипін қалыптастыруға негіз болады. Сонымен бірге, PR технологиялардың құралдары арқылы популизм мен манипуляция элементтерін қосады. Осындай ықпал етуші формаларды түрлі мақсатта жүзеге асыру – мемлекетаралық қақтығыстан ішкі саяси тұрақсыздыққа әкеліп, ақпараттық соғыс жағдайын туғызады. Ақпараттық соғыс барысында жұртшылық әлеуметтік желілер мен БАҚ арқылы құзыретті органдар мен жауапты тұлғалардан сол оқиғаға қатысты ресми ақпарат беруін талап етеді. Мұндай сәтте популизм мен манипуляция арқылы саяси клишелерді қалың жұртшылықтың санасына енгізу қарқынды түрде жұмыс істейді. Мұндай қауіпті жағдайлардың негізі – fake news. Бұл ұғым осыдан төрт бес жыл бұрын АҚШ президенттігіне үміткер ретінде сайлауға түскен Дональд Трамптың кезінде кеңінен қолданыла бастады. Бұл да пиар технологиялар секілді имиджді көтерудің бір тәсілі. Нақтырақ айтсақ «fake news»-тің негізгі пайдасына – танымалдылық пен монетизация жатады. Жалған ақпараттар газет-журнал жоқ кезде

де қоғамдық сананы басқарудың құралы ретінде қызмет етті. АҚШ-та тәуелсіздік үшін күрес жағдайында да ақпараттарды бұрмалау жағдайлары жиі кездесті. 1773 жылы тарихта «Бостондағы шай ішу» атымен қалған оқиға естеріңізде шығар. Бұл оқиғаға британдықтардың герб салығының орнына жаңа кедендік салықтардың салынуы себеп болды. Сол кездегі тәуелсіздікке мүдделі топтар жылт еткен ақпараттардың бәрін өз мақсаттары үшін бұрмалап, халықтың көтерілуіне түрткі болды. Демек жалған ақпараттардың алғашқы толқынының тарихи оқиғалармен байланыста болуы бүгінгі таңда да өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бірақ бұл заман ағымына қарай түрліше сипат алады. Бізге күн сайын коммуналдық қызметтер бағасының өсуі, әлемдік геосаяси жағдайдағы әскери агрессия қаупі немесе вирустың жаңа штаммы туралы ақпараттар болсын, біздің көңіл-күйіміз бен өмірімізге әсер етуде. Жалған ақпараттар қоғамға әсер етпейтіндей көрінуі мүмкін. Бірақ ол – өте зор, қатерлі қару. Оның негізгі мақсаты: халық арасында дүрбелең тудырып, жаппай тәртіпсіздіктерге итермелеп, бұқараның санасын

Мысалы, 2020 жылдың көктемінде Ұлыбританияда «5G мұнаралар вирусты тасымалдайды» деген ақпарат тарады. Нәтижесінде адамдар 20 ұялы мұнараны өртеуге тырысты. Адам фейк-ақпараттардың құрығына түсіп қалса, жағымсыз эмоцияларға душар қылады, бұл өз кезегінде жалған ақпараттардың таралу механизмінің жүзеге асуына жол береді. Фейк ақпараттарды келесідей жолдармен ажыруға болады. Олар: – ресми ақпарат көздерінің болмауы; гиперболизацияланған, абсурдтық немесе тым эмоционалды тақырып; – күдікті немесе белгісіз сайт домені; – авторы жоқ материал; – біржақты беру стилі, тек бір көзқарастың болуы; күмәнді фактілер, оқиғалардың бұрмалануы, өзекті болып көрінетін ескі фотосуреттер. Әрине, ақпараттың шынайылығын тексеру үшін уақыт қажет. Өз кезегінде Қазақстан Бас редакторлар клубы журналистерге жалған ақпараттың зиянын түсіндіру, оған тосқауыл қоюдың амал-тәсілдері көрсетілетін практикалық сипаттағы іс-шараларды тұрақты түрде ұйымдастырып келеді. Бұл бағыттағы жұмысымыз әрі қарай жалғасын табады.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА ОН ЕКІ ЕЛДІ МЕКЕНГЕ БАРАТЫН ЖОЛДЫ СУ АЛЫП КЕТТІ. БҚО ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАҒАНДАЙ, ОБЛЫСТЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ЖЫМПИТЫ – ҚАРАТӨБЕ ТАС ЖОЛЫНЫҢ 102 ШАҚЫРЫМЫНДА ЖОЛ ЖАРЫЛДЫ. АЛКӨЛ, АҚТАЙ, ҚОСКӨЛ, АҚҚОЗЫ, ҚОРЖЫН, ҚОСБАЗ, СӘУЛЕ ЖӘНЕ ҚАРАКАМЫС, БАРЛЫҒЫ 9 ЕЛДІ МЕКЕНГЕ АВТОКӨЛІКПЕН ҚАТЫНАЙ АЛМАЙДЫ.

БАТЫС СУҒА БАТТЫ



Шыңғырлау ауданындағы үш ауыл да соның кебін киді.

Сырым ауданындағы Жамбыл кентінде 48 үй электр жарығынсыз отыр. Электр желісінде жөндеу жұмыстары жол ашылғаннан кейін басталады.

Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарында су тасқыны бойынша жағдай қиын екенін жеткізді. Батыс Қазақстаннан 240 адам басқа жаққа көшірілді.

Орал қаласында ауыз су кестемен беріледі.

Наурыз басталғалы тасқынмен алысқан өңірге көршілес Маңғыстау мен Атырау облыстарынан адам мен техника тартыла бастады. 700-ден аса ірілі-ұсақты мал құрғақ жерге айдалған. Құм салынған 15 мың қап бөгет ретінде төселіпті. Су толассыз сорылып жатыр. Бірақ еріген қар үсті-үстіне келуде. Өңірдегі жолдың 26 жерінен су асып кетті. Әзірге оның 13-ін ғана тоқтатуға қауқары жеткен екен. Кейбір жол учаскесін әдейі бұзып жатыр. Өңірдегі жағдай сағат сайын өзгеруде. Шаған мен Деркөл өзені де тола бастады. БҚО әкімі Нариман Төреғалиев КТК телеарнасына берген сұхбатында: «Саратов,

Орынбор облысынан су келу жөнінде хабарлама келді. Біз ресейлік әріптестермен байланыстамыз. Алдын ала берген мәлімет бойынша Жайық өзенінің 7-8 метрге дейін көтерілу қаупі бар», – дейді.

Жайық көтерілсе, Орал маңындағы саяжайдың барлығы суға кетеді. Сондықтан тұрғындар қажет дүниесі мен құжаттарын сайлап дайын отыр. Облыс басшысы қызыл сумен алысуға қауқарымыз жетеді дейді. Ол үшін 1 млрд 800 миллион теңге қаржы бөлінген. Техника мен адам күші көршілес облыстардан да келіп жатыр. Жұртты көшіретін болса, оларға баспана дайын.

Жергілікті тұрғындардың айтуынша, судың басуы биыл ғана орын алып отырған жоқ. Бірақ, әдеттегідей, апат «аяқ астынан» бола қалады. Әйтпесе, көктем басталғанда Үкімет басшысы Әлихан Смайылов әкімдерге алдын ала қамдану жөнінде тапсырма берген болатын. Шығыс Қазақстан облысында қазір мұз жару жұмыстары қарқынды. Олар да алдыда не күтіп тұрғанны білмейді. Бірақ, әйтеуір, әрекетсіз емес. Ал батыстағы ағайын қызыл суға батып отыр.

TALDAU

ТЕГИ ЖАПОН, БІРАҚ АМЕРИКАН КӘСІПКЕРІ РЕТІНДЕ ТАНЫМАЛ РОБЕРТ КИЙОСАКИ – АУЗЫ ДУАЛЫ САРАПШЫ. 2008 ЖЫЛЫ LEHMAN BROTHERS-ТІҢ БАТПАҚҚА БАТАТЫНЫН ДӨП БАСЫП АЙТҚАН. АЛПАУЫТ БАНК ТЕК ӨЗІ ТАҚЫРҒА ОТЫРЫП ҚОЙМАДЫ. ҚАРЖЫ ДАҒДАРЫСЫ БҮКІЛ ҒАЛАМДЫ ШАРПЫДЫ. КЕСІРІ КӨПКЕ ТИДІ.

Роберт Кийсоки шырғалаң енді Швейцариядағы Credit Swiss-ке төніп тұр деген пікірде. Ал Ақ үйдің бұрынғы қожайыны Трампқа салсақ, бір ғасыр бұрынғы Ұлы тоқырау қайталануы бек мүмкін. «Қаржы жүйесі күйрейді» деп аттан салған сәуегей де жетерлік.

Батыл мен бұлыңғыр арасын ойқастаған болжамдар қос банктің аяқ астынан жабылуымен тікелей байланысты. Әңгіме Кремний ойпатындағы технологиялық стартап, венчурлық инвестқор және IT-компанияларды қаржыландыратын Silicon Walley Bank (SWB) мен криптоақшамен жұмыс істейтін Signatura Bank жөнінде. Бұлардың алғашқысы өткен сәрсенбіде құнды қағазын сата алмай қалды. Мұны естіген жергілікті кәсіпкерлер жаппай ақшасын алуға асықты. Бір күнде 42 млрд доллар иелеріне қайтарылды. Банк жексенбіде банкрот

болды. Жұрттың ақшасы Санта Кларада арнайы құрылған мекемеге ауыстырылды. АҚШ Федералдық салымдарды сақтандыру қоры (FDIC) апта басында SWB-ті тағы да бәсеке саудаға (аукцион) шығарды. Мұның алдында да сатып алуға ниет білдіруші табылмады. Сақтандыру демекші,

отырғызған әлгі Lehman Brothers-ті еске түсірді. Содан шығар, дүйсенбіде таңертең Уолл-Стрит биржасында саудасаттықты басталмай жатып тоқтатуға тура келді. Өйткені акциялардың құны шапшаң құлдырай бастады. Қалталылар әп-сәтте 190 млрд көк қағазымен қоштасты.

былтырдан бері 0,25-05%-дан 4,75%-ға дейін өсті. Бұл мемлекеттік облигациялар пайызының қымбаттауына әкеп соқты. Ал арзан несиеге алынған құнды қағаздың елеулі бөлігі өтпей қалды. Салыстыру үшін айта кетейік, 2008 жылғы дағдарыста сатылмай қалған облигациядан келген зиян 75 млрд

ДАҒДАРЫС ДАУЫЛПАЗЫ ЕМЕС. ДЕГЕНМЕН...



FDIC салымшының 250 мың долларына кепілдік береді. Бірақ SWB-те салымдардың 97 пайызы осы сомадан әлдеқайда көп.

110 млрд долларға жететін активімен криптобиржадағы мықты ойыншы саналатын Нью-Йорктегі Signatura Bank-ті қаржы жүйесіне төнген қауіпті ескеріп жапқан деседі.

Небәрі 48 сағатта қос банктің есігіне құлып ілінгенін ақша саудагерлері жаман ырымға балады. Дереву талайды тақырға

Орта дәулетті банкир де зиян шекті. Айталық, PacWest банкінің басшылығы өткен жетіде 700 млн долларлық депозиттің кеткенін өкінішпен жеткізді.

Доллар дүрбелеңіне президент Байденнің «Ахуал бақылауда, алаңдауға негіз жоқ» деген мәлімдемесі де тосқауыл бола алмаған сияқты.

Мамандар мазасыз ахуалды Федералдық резерв жүйесінің (Орталық банк) пайыздық мөлшерлемені өсіруімен байланыстырады. Ол

доллар болса, қазір оның көлемі 600-700 млрд шамасында. АҚШ-та тоқтаусыз басылып, тауар не ресурспен қамтамасыз етілмеген «көбік» ақша инфляция деңгейін арттырып отыр.

Осының бәрі алдағы қаржы дағдарысының дауылпазы ма? Әрине, жоқ. Бірақ қазекең айтқандай, жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды.



СРАЙЫЛ СМАЙЫЛ,
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ШОЛУШЫ

СҰХБАТ

Jas qazaq: – Сізге жақсылық жасаған жандар көп екенін айтып едіңіз...

Мамытбек ҚАЛДЫБАЙ: – Көп. «Жетісу» газетінің редакторы Әбдуали Қарағұлов маған жабылған жалаға көзі жеткен соң,

қызметкерлер іздеп қалуы мүмкін. Машинаны жұмыс аяғында, сағат алтыдан кейін ал, – деді.

Батыс көкжиек қызыл жалынға оранып, кеш түсе бастасымен мен, Ақжол, оның курстас досы Абдрахман, жүргізуші төртеуіміз межелі жерімізге жетіп бардық.

– Ауылыңыздың адамдары кез келген тойды баудың ішінде өткізеді екен. Той басталып бір қауым уақыт өткенде қызып алған екі кісі бізге тиісе бастады. «Қыздарыңды алып кетіңдер, біздің баламызға қыз көп» деген тәрізді айтпаған сөздері жоқ. Біз алғаш

Мамытбек ҚАЛДЫБАЙ:

«БІРЕУГЕ ОР ҚАЗБА...»

соңыма түскендердің үнін өшірді. Ол кісі зейнетке шығып, орнына келген Пернебек Бейсеев те әділ, өте кішіпейіл еді.

С.М. Киров атындағы ұлттық университетіміздің заң факультетінде оқитын ауылымның баласы Ақжол үйленіп, мені тойына шақырды. Жұмысбасты болып, оның қуанышына ортақтаса алмадым. Арада он күндей өткенде Ақжолым әкесінің маған жазған хатын әкеп тұр. Онда: «Інім, мына бауырыңды ертіп, келініміздің ағасының үйіне барып, біздің азынаулақ сыйлығымызды табыс етсең», – деген өтінішін білдіріпті.

Мен ол кісіні, әсіресе жеңгейді қатты сыйлайтын едім. Сыйлайтын себебім, он перзенті бірінен кейін бірі шетінеп, жалғыз қалған Ақжол баласын қорықпай Алматыға оқуға жібергендерін ерлік деп ұғатынмын. Өзімнің жеңіл машинама жоқ. Келіннің ағасы – құда Алматыдан алпыс шақырым шалғайдағы совхозда бас мал дәрігері болып істейді екен. Оған автобуспен барғаным намыс. Амал жоқ, редакторым Пернекеңе жағдайды айтып, қызмет «Волгасын» үш сағатқа сұрадым. Пернекең бірден:

– Мені облыстық партия комитетіндегі жауапты



Бұл менің құдалық рәсіміне бірінші араласуым еді.

Құда менен алты-жеті жас үлкен көрінді. Жұбайы екеуі сыртқы есіктерін құлыптап, аулаға шыға бергенде қарсы ұшырасты. Ойымда түк жоқ.

– О, құда, ассалаумағалейкум! Қалайсыздар? – дей бергенімде:

– Қайдағы құда? – демесі бар ма? Тіксініп қалдым.

– Сендер бізді балағаттап, ауылдарыңнан қуып жібермедіңдер ме? Енді не беттеріңмен келіп тұрсыңдар?

Мен Ақжолға қарадым, онда үн жоқ, жерден көзін алмайды. Құдағи бәрін жіпке тізгендей етіп айтып берді.

«бұлары несі, әзілі ме?» деген де ойда болдық. Кейін боқтай бастады. Содан орнымыздан тұрдық та машинамызға отырып, жолға шықтық.

– Қайда барасыздар деген ешкім болған жоқ па?

– Соңымыздан Ақжолдың әкесі қуып жетіп, «Кешіріңіздер, қайтыңыздар. Мен ол оңбағандардың ерсі қылығын байқамаппын» деді жалынып-жалпайып. Біз кері қайтпадық.

Серік етіп бөлімше меңгерушісін ерткен едік Оның бетіне қарай алмай жерге кірердей ұялды. Жолай Меркінің дүкенінен құда кигізді дерсің деп костюм-шалбар сатып әпердік.

– Сендерді боқтағандары рас па?

– Рас.

– Оған қуанбайсыңдар ма? – дедім.

– Не үшін қуанамыз? – Құдағидың даусы қатты шықты.

– Құда, – дедім – Сенің қарындасың болмаса, ол күйеуге тиіп, тойына шақырмаса, кім боқтар еді?

Сөздің астарын түсіне қойған құда күліп жіберіп:

– Жүріңіздер, ішке кіріңіздер, – деді есігінің құлпын ашып. – Қазір мал алдыртамын.

– Ол құрметіңізге рақмет, құда. Мына машина газет редакциясының машинасы. Сондықтан көп бөгеле алмаймыз. Дастарқаныңыздан дәм таттық. Қойыңызды семірте беріңіз, бұйырған күні арнайы келеміз.

Мынау тойдың сыйы – сіздерге деген көйлек-көншек, костюм-шалбар.

Осыны тапсыр деп құдаңыз маған хат жазып жіберіпті.

– Ауыл шаруашылығы институтын бітірген ауылымыздың баласының тойы қазір басталмақ еді. Асабасы мен едім.

– Жақсылықпен жолыққанша, – дестік екі жағымыз да жайдары қоштасып. Жолға түскен соң, Ақжолға: «Тойыңдағы шатақ туралы алдына ала айтпағаның қалай? – дедім.

– Сізді құданың үйіне ертіп бармай қоя ма деген қауіппен айтпадым. Кешіріңіз, – деді.

Jas qazaq: Облыстық газетте қызмет атқарғаныңызда редакторыңыз болған Пернебек Бейсеевтің азаматтығын, шарапатын көрген екенсіз.

Мамытбек Қалдыбай: Көп үлгі-өнеге көрсеткен көрнекті журналист-жазушы Зәкір Асабаев аға дер едім. Ол кісі «Мәдениет хәне тұрмыс» журналында редактордың орынбасары, жауапты хатшы болып елу үш жылдан астам істеді. Мен қарамағында 4-5 жылдай еңбектенгенімде Зәкеңнен үйренгендерім көп. Бәрімізге қатал

талап қойғанмен ешқайсымыздың ар-намысымызға тимейтін.

«Мен жағымпаз болған жоқпын. Жағымпаз боламын десем де бола алмайтынымды сен жақсы білесің, – дейтін Зәкең. – Ұстанымым – орынсыз айтылған сөзді басымнан асырмау, ешкімге тиіспеу, тиіскенді аямау, айқай-ұйқайға бармау. Мұның бәрі оңайға түспейді, өзіндік қиындығы бар. Тағдырға риза болатыным – ішітар көреалмаушылар өздері құрған қақпанға өздері түсіп, жазасын тартып жататыны».

Журналымызда бір су жұқпас болды. Оны о баста қызметке Зәкеңнің өзі алған екен. Сөзі көп, өзін «ақылдысымақ, білгішсымақ» санап жүретін. Бертін келе Зәкеңе қарсы шықты. Сыртынан жамандауға көшті.

– Мен мұны жақсы азамат па десем, берекесіз, даңкеуде біреу екен. Енді бұдан қалай құтылсам екен, – деп жүргенде, әлгінің өзі қағынып:

– Сіз партия билеті жарнасының 5 сомын кем төлепсіз, партия жиналысында мәселеңізді қараймыз, – дейді.

– Е, жақсы, қарағын. – Зәкең құжатты ақтарып, оның екі жыл ішінде 75 сом жарна төлемегенін анықтайды. Бұл көзбояушылығы үшін қызметтен ғана емес, партия мүшелігінен де шығатыны сөзсіз

Зәкең оны шақырып алып:

– Мына көзбояушылығыңа түсінік жаз. Мәселең журналымыз ұжымында ғана емес, қалалық партия комитетінде қаралатын болады, – дейді. Екі көзі шарасынан шыға жаздап қорыққан ол:

– Аға, кешіріңізші, мені аяңызшы. Қызметке өзіңіз алған едіңіз ғой, – дейді жалынып.

– Түсін, мен кешіргенмен, заң кешірмейді. – Ол Зәкең бөлмесінен шығып кетіп, сәлден кейін қайтып келеді. Бір бума ақшаны стол үстіне қойып, қайта жалынады. Зәкең

қабылдау бөлмесіндегі қызды шақырып:

– Мынау маған ақша ұсынады. Төменгі қабаттағы кезекші милиционер тез осында келсін, – дегенде:

– Ағатай, бала-шағам жас еді. Мені аямасаңыз да, соларды аяңыз. Қазір арыз жазып, қызметтен өзім кетем, – дейді.

– Уәде бересің бе?

– Уәде берем.

– Онда мына стол үстіндегі ақшанды ал да, жарнаңды төле.

– Төлеймін.

Әділ, адал, өзіне де, өзгелерге де талап қойғыш Зәкір аға осы жағдайды сөз арасында есіне алып, «жан дүниесі лас жандар ерте ме, кеш пе, лайықты сыбағасын алады» дегені күні бүгінге дейін есімде.

Jas qazaq: Кезінде сіздің Асқар Тоқпанов туралы жазған мақалаңызға біраз дау да айтылыпты. Сонда жазушы Құлтөлеу Мұқаш араша түсіп, мақала да жазған екен.

Мамытбек Қалдыбай: Белгілі жазушы Құлтөлеу Мұқаш екеуіміз сыйлас, сырлас болғанымызға қырық жылдан асты. Алғаш танысқанымда ол өрімдей жас жігіт еді. Республикалық «Лениншіл жас» газетінің белді қызметкері болатын. Тұңғыш режиссеріміз Асқар Тоқпанов туралы «Нөмері екінші ақымақ» деген менің көлемді жазбамды бірден ұнатып, «жалғасы бар» деген ескертумен газетінің үш санына жариялаған еді. Ізінше даукестер менің үстімнен шағымды төпелеп, қаралауға кірісті. Құлтөлеу «Зиялылық дегеніміз осы» атты қарсы мақала жазып, авторлық құқығымды қорғап қалды. Содан бері қарым-қатынасымызға сызат түскен емес.

(Жалғасы бар)

**14 НАУРЫЗ – КӨРІСУ
МЕЙРАМЫ, АМАЛ МЕРЕКЕСІ.
КӨРІСУ – НАУРЫЗҒА ҰЛАСАДЫ.
БҰЛ КҮНДІ ХАЛҚЫМЫЗ
ҚЫСТАН АМАН-ЕСЕН ШЫҚҚАН
КҮН РЕТІНДЕ АТАП ӨТЕДІ.
ӨКПЕ-РЕНИШТЕН АРЫЛАДЫ.
МАҢҒЫСТАУ ӨҢІРІНІҢ ЖҰРТЫ
ОНЫ АМАЛ МЕРЕКЕСІ ДЕЙДІ.**

*****АЛМАТЫДА НАУРЫЗ
МЕЙРАМЫ КӨРІСУ КҮНІН
ТОЙЛАУДАН БАСТАЛДЫ.
КӨКТӨБЕДЕ ӨТКЕН МЕРЕКЕЛІК
ІС-ШАРАҒА ЖИНАЛҒАНДАР
БІР-БІРІН КӨКТЕМНІҢ
БАСТАЛУЫМЕН ҚҰТТЫҚТАП,
ЖАҚСЫ ТІЛЕКТЕР АЙТТЫ.
МЕРЕКЕ БИ ЖӘНЕ КҮЙГЕ
ҰЛАСЫП, КЕЛГЕНДЕРГЕ
БАУЫРСАҚ ПЕН НАУРЫЗ
КӨЖЕ ТАРАТЫЛДЫ.**

*****МАҢҒЫСТАУДА
БИЫЛ АМАЛ МЕРЕКЕСІНДЕ
ОТПАН ТАУ БАУРАЙЫНА 42
АҚШАҢҚАН КИІЗ ҮЙ ТІГІЛДІ.
ҚОЛӨНЕР ШЕБЕРЛЕРІНІҢ
КӨРМЕСІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП,
ӨНЕР ЖҰЛДЫЗДАРЫНЫҢ
ҚАТЫСУЫМЕН КОНЦЕРТ
ҚОЙЫЛДЫ. ТОЙ-ДУМАНҒА
10 МЫҢҒА ЖУЫҚ АДАМ
ҚАТЫСТЫ.**

*****АТЫРАУДА МАХАМБЕТ
ӨТЕМІСҰЛЫ АТЫНДАҒЫ
АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚАЗАҚ ДРАМА
ТЕАТРЫНЫҢ АЛДЫНДАҒЫ
АЛАҢҒА ҚОС КИІЗ ҮЙ
ТІГІЛДІ. АЛАҢҒА ЖИНАЛҒАН
ЖҰРТШЫЛЫҚ «АМАЛ КЕЛДІ
– ЖЫЛ КЕЛДІ» АТТЫ МӘДЕНИ-
КӨПШІЛІК ІС-ШАРАНЫ
ТАМАШАЛАДЫ.**

АМАЛ КЕЛДІ – ЖЫЛ КЕЛДІ!



Бас редактор – директор

Срайлы Махатұлы
СМАЙЫЛ

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Гүлнар Ахметова Бас редактордың орынбасары
Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ редактор
Ғалия ҚАЛИЕВА дизайнер/фотосуретші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ продюсер-менеджер
Мақпал НОҒАЙБАЕВА редактор
Кәмшат ТӨЛЕШОВА офис-менеджер

МЕНШІК ИЕСІ:

«Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА